**Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде 2001-2002 жылдарға арналған іс-шаралардың жоспары туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуір N 450 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 747 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 747 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 U010550_ Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде 2001-2002 жылдарға арналған іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары бір ай мерзімде тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған аймақтық және салалық бағдарламаларын әзірлеп, бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары Жоспарда белгіленген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне жыл сайын, 20 маусым мен 20 желтоқсаннан кешіктірмей, Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын, 30 маусым мен 30 желтоқсаннан кешіктірмей, Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 450 қаулысымен бекітілген

## Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде 2001-2002 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Орындау үшін жауаптылар | Орындалу мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының үшінші бөлігін іске асыру жөніндегі заң жобасын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ЕХҚМ, МҚА, МАКМ | 2002 жылдың 2-тоқсаны |
| 2 | ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулысына Қазақстан Республикасы кәсіпорындарын, ұйымдарын, мекемелерін, темір жол станцияларын, әуежайларын, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерін атау мен қайта атау және олардың атауларының транскрипциясын өзгерту тәртібін дәлдеу бөлігінде өзгерістер енгізу | Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы | МАКМ | 2001 жылдың 3-тоқсаны |
| 3 | Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде 2003-2004 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы | МАКМ | 2002 жылдың 4-тоқсаны |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Тілдердің мемлекеттік басқару және іс қағаздарын жүргізу, заң, сот іс жүргізуі салаларында қолданылуы** | | | |
| 4 | Мемлекеттік тілді жеделдетіп үйрету жөніндегі республикалық орталық негізінде мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тілді үйрету курстарының орталықтандырылған жүйесін құру | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МҚА, МАКМ, БҒМ | Жыл сайын |
| 5 | Мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тілді үйрету жөніндегі үлгілік бағдарлама әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МҚА, МАКМ, БҒМ | 2001 жылдың 3-тоқсаны |
| 6 | Іс қағаздарының мемлекеттік тілдегі үлгілерін (компьютерлік шаблондарын) әзірлеу | Нормативтік құқықтық кесім | ЭМРМ, орталық және жергілікті атқарушы органдар | 2002 жылдың 1-тоқсаны |
| 7 | Мемлекеттік органдарда бос лауазымдарға орналасуда тестілеуден өту үшін тапсырылуға міндетті пәндер тізбесіне мемлекеттік тілді енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МҚА | 2001 жылдың 3-тоқсаны |
| 8 | "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабын іске | Қазақстан Республикасы Үкіметіне | ҚорМ, ІІМ, ҰҚК (келісім бойын. | 2001 жылдың 3-тоқсаны |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | асыру жөнінде іс-шаралар әзірлеу | есеп | ша) МКМ, Бас прокуратура (келісім бойынша), Жоғарғы Сот (келісім бойынша) | |

Білім беру және тілдерді оқыту салаларында тілдік даму

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | Жалпы орта білім беретін мектептердің 1-7-сыныптарына, жоғары оқу орындарының қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек тілдерінде оқытатын бөлімдеріне арналған жаңа буын отандық оқулықтарды әзірлеу мен шығаруды аяқтау | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ, МАКМ | 2002 жылдың 2-тоқсаны |
| 10 | Жоғары және орта кәсіби оқу орындарында қазақ тілінде оқытатын бөлімдердің және оқытылатын пәндердің санын көбейту жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ, жергілікті атқарушы органдар | Жыл сайын |
| 11 | Жалпы білім беретін орта, орта кәсіби және жоғары кәсіби оқу орындарының өзге тілдерде оқытатын бөлімдерінде қазақ тілін оқытуға арналған сағаттар санын оқу процесін оңтайландыру жолымен (негізгі оқу жоспары бойынша жалпы сағат | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ, жергілікті атқарушы | Ұдайы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | санын көбейтпей) арттыру жөнінде шаралар қабылдау | | | |
| 12 | Қазақстанның орта кәсіби және жоғары кәсіби оқу орындарында ұлт тілдері бойынша мамандар даярлауды қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ, жергі. лікті ат. қарушы | Ұдайы |
| 13 | Ана тілдерінде оқытатын жек. сенбілік мектептерге мемлекет. тік, қолдау көрсету | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ, жергі. лікті ат. қарушы | Ұдайы |
| 14 | Жетім және ата-ана қамқорлығын. сыз қалған балаларға арналған қазақ тілінде оқытатын ұйымдар желісін ұлғайту жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ, жергі. лікті ат. қарушы органдар | Ұдайы |
| 15 | Қазақ тілінде оқытатын және тәрбие беретін мектепке дейінгі білім ұйымдарының санын көбей. ту жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ, жергі. лікті ат. қарушы органдар | Ұдайы |
| 16 | Диаспоралар өкілдерін ұлт тілдерінде мектепке дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамтамасыз ету шараларын қабылдау | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | жергілікті атқарушы органдар | Ұдайы |
| 17 | Жалпы білім беретін мектептер үшін табиғаттану, экология және валеология бойынша қазақ | Қазақстан Республикасы Үкіметіне | БҒМ, МАКМ | 2002 жылдың 1-тоқсаны |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тілінде оқулықтар, терминологиялық сөздіктер, дыбыс-бейне құралдарын шығару | есеп | | |
| 18 | Ұлт тілдерінде оқытатын оқу орындары үшін ана тілі мен әдебиетін оқытудың үлгілік бағдарламасын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ | 2002 жылдың 2-тоқсаны |
| 19 | Мемлекеттік тілді кандидаттық минимум тапсырылуға міндетті пәндер тізбесіне енгізу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ | 2001 жылдың 2-тоқсаны |
| 20 | Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің әртүрлі топтарына арналған қазақ тілін білуін анықтаудың тестік жүйесін әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ | 2002 жылдың 3-тоқсаны |
| 21 | Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадет корпусының 1-2-курстарында қазақ тілін оқыту сағатының санын көбейту және осы пәнді 3-курстың оқу бағдарламасына енгізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Жас Ұлан" республикалық мектебінің орыс сыныптарында қазақ тілін оқыту сағатының санын оқу процесін оңтайландыру жолымен (негізгі оқу жоспары бойынша жалпы сағат санын көбейтпей) арттыру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | ҚорМ | 2001 жылдың 3-тоқсаны |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 22 | Жалпы білім беретін мектептер негізінде оралмандарды қазіргі қазақ әліпбиінде үйретуді ұйымдастыру | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ, КДА | Ұдайы |
| 23 | Қазақ тілін жеделдетіп үйрету жөніндегі оқулықтарды, оқу құралдарын және компьютерлік бағдарламаларды әзірлеу, шығару | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ, БҒМ | Ұдайы |
| | Ғылыми-лингвистикалық қамтамасыз ету | | | |
| 24 | Қазақ тілінің фонологиялық ерекшеліктерін ескере отырып қазақ әліпбиі мен емлесін жетілдіру жөнінде шаралар кешенін әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ, МАКМ | 2001 жылдың 4-тоқсаны |
| 25 | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жанынан Орфографиялық алқа құру | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ | 2001 жылдың 3-тоқсаны |
| 26 | Диссертациялар қорғау жөнін. дегі диссертациялық кеңестердің жұмысын кезең-кезеңімен мем. лекеттік тілге көшіру жұмысын жүзеге асыру | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ | Жыл сайын |
| 27 | Қазақстан Республикасындағы | Қазақстан | МАКМ | Ұдайы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тілдерді дамыту мәселелері жөнінде әлеуметтік зерттеулер жүргізу және тілдік ахуал туралы мәліметтер жинақтау | Республикасы Үкіметіне есеп | | |
| 28 | Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктердің және физикалық-географиялық атау. лардың әліпбилік көрсеткіш. терін шығару | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | ЖРА, облыстар және Алматы, Астана қалаларының әкімдері | Ұдайы |
| 29 | Жаңа ономастикалық атаулар бюллетеньдерін шығаруды жалғастыру | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ | Ұдайы |
| 30 | Дүниежүзінің және Қазақстан Республикасының география. лық атлас картасын мемлекет. тік тілде даярлау және шығару, облыстардың әкімшілік-аумақтық карталарын шығаруды жалғастыру | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | ЖРА, облыстар және Алматы, Астана қалаларының әкімдері | Жыл сайын |
| 31 | Қазақ топонимдерінің басқа тілдерге транслитерация ереже. лері арқылы берілу тәртібі туралы нұсқаулық әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | БҒМ | 2001 жылдың 3-тоқсаны |
| 32 | Қазақстан Республикасы Үкіметі. нің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетеньдерін шығаруды қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ | Ұдайы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 33 | "Қоғам және тіл" журналын шығаруды ұйымдастыру | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ | 2001 жылдың 4-тоқсаны |

Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары мен халыққа қызмет көрсету салаларында тілдік даму

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 34 | Қазақ тілінде көркемсуретті және мультипликациялық фильм. дер жасауға ықпал ететін іс-шаралар жүйесін әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ | 2001 жылдың 4-тоқсаны |
| 35 | Кітапханаларды қазақ және Қазақстан Республикасындағы басқа да тілдердегі әдебиет. термен толықтыруды жүйелі қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ | Ұдайы |
| 36 | Мектеп жасына дейінгі бала. ларды қазақ тіліндегі суретті кітапшалармен және буклеттер. мен қамтамасыз ету жөнінде арнайы бағдарлама әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ | 2001 жылдың 2-тоқсаны |
| 37 | Теле-радиоарналарда "Тіл мәде. ниеті", "Дұрыс сөйлеп, жаза білейік", "Сөз сыры", т.б. тақырыптарындағы хабарлар топтамасын көрсетуді жалғастыру | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ, БҒМ, "ҚР ТРК" ЖАҚ (келісім бойынша), "Хабар" агенттігі" | Ұдайы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | ЖАҚ (келісім бойынша) | |
| 38 | Жыл сайын Қазақстан халықтары тілдерінің республикалық фестивалін өткізу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ | Жыл сайын |
| 39 | Жыл сайын дәстүрлі көркемсөз оқу шеберлерінің республикалық байқауын өткізу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ | Жыл сайын |
| 40 | "Қазақ тілін үйренеміз" айдары. мен оқыту сипатындағы теле- радио хабарлар және қазақ тілінде жастар мен балалар бірегей бағдарламаларын; - Қазақстан халықтары тілде. рінде теле- радио хабарлар әзірлеу мен эфирге шығаруды қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ, "ҚР ТРК" ЖАҚ (келісім бойынша), "Хабар" агенттігі" ЖАҚ (келісім бойынша) | Жыл сайын |
| 41 | Қазақстан мен ТМД елдерінің телерадио компаниялары ара- сында диаспоралар тығыз орна. ласқан аймақтарда мемлекеттік телерадиоарналар арқылы тара. татын ұлттық тілдердегі арнайы бағдарламалармен өзара алмасу. лары жолдарын даярлау жөнінде ұсыныс әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ | 2002 жылдың 2-тоқсаны |
| 42 | "Ана тілімізге - ақ жол" рес. | Қазақстан | МАКМ, "ҚР | 2002 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | публикалық телемарафонын өткізу | Республикасы Үкіметіне есеп | ТРК" ЖАҚ (келісім бойынша), "Хабар" агенттігі" ЖАҚ (келісім бойынша) облыстар және Алматы, Астана қалаларының әкімдері | жылдың 3-тоқсаны |
| 43 | "Хабар-2" ұлттық арнасын ары қарай дамыту жөніндегі іс-шара. лар жоспарын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ "Хабар" агенттігі" ЖАҚ (келісім бойынша) | 2001 жылдың 4-тоқсаны |
| 44 | Шет елдерде тұратын қазақ диаспорасының ақпараттық мұқтаждарын қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар кешенін әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ | 2001 жылдың 4-тоқсаны |
| 45 | Мемлекеттік және басқа тіл. дердегі хабарлардың тең арасалмағы сақталуы жөніндегі Қазақстан Республикасы заңна. маларының талаптары орындалуын қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ, облыстар және Алматы, Астана қалаларының әкімдері | Ұдайы |
| 46 | Тілдерді дамытудың өзекті мәселелеріне арналған конфе. ренциялар, дөңгелек үстелдер, кеңестер, т.б. өткізу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | МАКМ | Ұдайы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 47 | Көлік пен байланыс, сауда, денсаулық сақтау, тұрмыстық қызмет көрсету, анықтама-ақпараттық қызмет көрсету салаларында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп | ККМ, ЭМРМ, ДСА, Облыстар және Алматы, Астана қалаларының әкімдері | Жыл сайын |

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК